



МУЗЕЙ ЖАРШЫСЫ

1
2023

МУЗЕЙ ЖАРШЫСЫ

№1



2023



«ЖАС АРХЕОЛОГ» ҮЙРМЕСІНІЦ ҮЙРЕТЕРІ КӨП

М.Е. Құлмұқанов

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің
ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары*

Ақтөбе облысының Ш. Берсеев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі мен Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы арасындағы меморандумға сәйкес, 2016 жылы желтоқсан айынан бастап «Жас археолог» үйрмесі жұмыс істеп келеді.

Үйріме – оқушылардың білімін жетілдіруді, азamatтық-патриоттыққа, еліміздің өткен тарихын, мәдени құндылықтарын сақтай білуді және құрметтеуді үйретеді.

Ойыл ауданының жас археологтары археология, туризм және өлкетану саласы бойынша теориялық білімдерін жетілдіре отырып, практикалық сабак барысында ескерткіштерді табуды, сипаттауды және ғылыми бағытта қорғауды үйренеді.

Археология ерекше ғылым саласы іздеу, ашу және олжаны табу әсіресе балаларға қызықты. Қазақстанда өткен тарихты зерделеу және сақтау мақсатында кең ауқымды археологиялық жұмыстар жүргізілді. Осы ауқымды жұмыстарды өскелең ұрпаққа таныстырып насиҳаттау, патриоттыққа тәрбиелеу мектеп қабырғасынан басталады.

«Ерлік пен бірлік жеңіске жеткізеді» дегендегү үйрменің берері көп және жеткен жетістіктері де аз емес.

«Жас археолог» үйрмесінің оқушылары алған білімдерін шындау мақсатында алғашқы қадамын өлке тарихын зерттеуден бастап, аудан деңгейінде өткен «Зерде» жобалық жарысқа қатысып, нәтижесінде III дәрежелі дипломға ие болды. Үйрменің дарынды оқушылары Шакенов Саят пен Оразбаев Ерасыл Кіші ғылым академиясының Ақтөбе филиалы ұйымдастырылған облыстық ғылыми-тәжірбиелік конференциясына қатысып I орынды жеңіп алды. Жетістіктердің арқасында Ақтау қаласындағы III Республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференциясына қатысуға мүмкіндік туды. Бұл мүмкіндікті жібермеген жас археологтарымыз конференцияда үздіктер қатарынан көрініп, 1 орынды иемденді. Міне бұл мұғалімі мен шәкірттерінің табанды еңбектерінің арқасында жеткен жетістігі болды (Исабаев Д.Б., 2018).

2017-2018 жылдары «Золотое руно» халықаралық конкурсының қорытындысы шығып, нәтижесінде Ерасыл Оразбаев II орынға ие болса, Шакенов Саят I орыннан көрініп, жеңімпаз атанды. 2018 жылдың 22 мамырында Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай ұйымдастырылған «Рухани қазына-2018» Республикалық байқауына қатысқаны үшін үйріме жетекшісі Медет Құлмұқановқа ҚР Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедиұлы атынан алғыс хат табысталды. 2017-2018 оку жылдары үйріме сабағында берілген білімдерді меңгеріп, оқушыларымыз Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі үйымдастырылған Ойыл ауданы, Коңырат елді мекені маңындағы археологиялық қазба жұмыстарына қатынасу үшін жолдама алды. Қазба жұмыстары барысында

қорғанды тануды, сипаттауды, әдістемелік қазуды тәжірибе арқылы үйренді және археолог ғалымдардан ғылыми-әдістемелік көмек алғып, білімдерін шындағы білді (Ұлықпанова С., 2021).

2018-2019 оқу жылдары аралығында оқушыларымыз «Зерде» ғылыми-тәжірибелік конкурсына қатысып Нұрлыбаев Бақтияр мен Оразбаев Ерасыл I орынды жеңіп алды. Ғылыми бағыттағы шараптарға қатысу осымен бітпей Шымкент қаласында өткен Республикалық ғылыми жұмыстар конференциясында бақтарын сынады. «Жас ғалым» номинациясымен үш оқушымыз марапатталса, аталған конференцияда жас зерттеушіміз Голикова Алёна жеңіске жетіп, биіктен көрінді.

2019-2020 жылдары оқушылардың жобаларға қатысу жағынан ұмтылыстары еш бәсендемеді. Жас археологтарымыз Нұр-Сұлтан қаласында өткен семинарға қатысты. Семинарға қатыспас бұрын 2018 жылы үйірме оқушылары «Дарын» орталығы үйымдастырылған облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясынан Ойыл тарихына қатысып маңызды деректерді жеткізгені үшін I дәрежелі дипломмен марапатталған болатын. Жеңіске жеткен оқушылардың білімділік, зерттеуге деген құштарлық қасиеттерін арттыру мақсатында 2019 жылдың қыркүйек айында Нұр-Сұлтан қаласындағы семинарға екі оқушы жолдама алды. Оқушыларымыз өткен семинардан мол тәжірибе жинақтап, қабілеттерін жетілдіру жолында үлкен шабытпен оралды.

Жастар жылына орай дарынды, көшбасшы және белсенді жастардың жетістіктерін қалың жүртшылыққа жеткізу мақсатында «Көкжардың бүгінгі керуенінде көшбасшылары» атты жинақ кітап шілде және тамыз айларында жарыққа шыққан болатын. Жинақ кітапқа енген көшбасшылардың қатарынан жас археологтарымызда өздерінің ізденімпаз, білімділікке ұмтылу қасиеттерімен ерекшеленіп, көріне білді (Қазыбаев А.К., 2019, 21 б).

«Шын батыр сын үстінде танылар» демекші, 2019-2020 жылдары оқушыларымыздың жобаларға қатысу жағынан ұмтылыстары еш төмендемеді. Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ақтөбе-Дарын» өнірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының үйымдастыруымен 2019 жылғы 27-қыркүйекте «Мениң кіші Отаным» атты интеллектуалдық конкурсының аудандық кезеңі өтіп, жас археологтарымыз Саят Шакенов, Нұрсұлтан Мырзабаев қатысып «Мениң кішкентай Отанымның тарихы» номинациясы бойынша жүлделі I орынды жеңіп алды және облыстық кезеңге жолдама алды.

2020 жылы Ойылда өткен шілделік дала қазба жұмыстары кезеңінде Шептікөл жерінде ғұндар уақыттарына жататын қорғандар ашылды. Археологиялық қазба жұмыстар Ойыл және еліміздің тарихын терендете білуге көп септігін тигізді. Аталған жұмыстарға Ойыл музейі жанынан құрылған «Жас археолог» үйірмесі мен Ойыл жастары да белсене қатысты (Мамедов А.М., 2021).

Шілде айының соңында Ш. Берсеев атындағы ауылдық округінде орналасқан Қаздыарал тұрағында Ойыл аудандық музейі алғашқы археологиялық қазба жұмысын үйымдастырды. Қазба жұмысы 2020 жылды шілденің 22-23 күндері жүргізілді. Ақтөбелік археолог Аслан Мамедовтің методикалық көмегімен ерте қола дәуірі мен ортағасыр кезеңіне жататын ескерткіштер ашылды. Осы ескерткіштердің ашылуына да жас археологтар

қол көмектерін Ойыл жастарымен бірге көрсетті (Кұлмуқанов М.Е., 27.08.2020).

2021 жылғы қаңтар айында «Жас археолог» үйірмесіне жаңа құрам жинақталды. Жаңа құрам Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 5 «А» және 5 «Б» сыныбының оқушыларынан құралды. Жалпы оқушылар саны 20-ға жуық болды. «Жас археолог» үйірмесінің жаңа құрамы сабакты туған өлкедегі ескерткіштерді танудан бастады. Туған өлкені тану мақсатында аудан орталығында орналасқан XIX-XX ғасырлық ғимараттар мен ескерткіштерді аралап, 100 жылдық тарихы бар поштаның, дүкендер мен көпес үйлерінің, азамат соғысы жылдарында қойылған бауырластар зираты мен көне аурухананың, мешіт пен сауда қатарларының ғимараттарын көзben көріп, тарихымен танысты.

«Жук ауырын, ер көтереді» демекші жаңа құрамдағы оқушыларымыздың бастама жетістіктері де аз емес. «Шежірелі өлкемнің тарландары» тақырыбындағы облыстық мақала жазу байқауында жас зерттеуши Жасулан Мұхамбетқалиев 180 оқушы арасынан оза шауып, алдыңғы қатарлы жүлделі 2-ші орынды иемденді. Оқушыларымыз «Ғылым, білім және технология» V Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, Ойыл ауданының тарихи-мәдени мұрасы тақырыптарында қамтылған жобалары үздік атанды. Жоғары дәрежелі женімпаздарды дайындағаны үшін жетекшісі де марапатқа ие болды (Кұлмуқанов М.Е., 26.03.2021).

Үйірменің жұмысында жетістікке толы жыл - 2021-2022 оку жылдары болды. 2021 жылдың күз айында «Зерде» республикалық конкурсының және жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсының аудандық, облыстық кезеңдері өтті. Оқушылар тарих, өлкетану, этномәдениеттану секциясы бойынша қатысып, зерттеушілік қабілеттерін жоғары дәрежеде көрсетті. Ойыл ауданының ерекше ескерткіштері - Қаздыарал тұрағы мен Құмсай қорымына қатысты зерттеулерін ұсынды. Ұсынған жобалары арқылы Қаздыарал тұрағын - ежелгі және ортағасырлық тұрғындарының Батыс Қазақстан бойынша ерекше ескерткіш ретінде көрсетсе, Құмсай қорымын - Батыс Қазақстандағы алғашқы қорғандық жерлеу ескерткіші екенін дәлелдеді.

2022 жылдың ақпан айында үйірменің болашақ түлегі Шакенов Саят К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті 11 класс оқушылары арасында үйымдастырған ғылыми жобалар байқауына «Тарих, өлкетану» бағыты бойынша қатысып, Ойыл тарихына қатысты зерттелген жұмысты ұсынды. II орынды еншілеп, тарих мамандығы бойынша 50% жеңілдікпен оқи алатын сертификатқа қол жеткізді. Ғылыми жобалар байқауы өте жоғары деңгейде өтті. Тарих, өлкетану бағыты бойынша I кезеңге қатысқан 20 оқушыдан II кезеңге 6 оқушы өтті. Яғни, оқушылардың жобалары антиплагиатқа тексерілді. 6 оқушы II кезеңде өз зерттеу жұмыстарын қорғады. Саят осы 6 оқушының қатарында болды.

«Жас археолог» үйірмесінің жетекшісі Медет Ерниязұлы Кұлмуқанов 2022 жылдың наурыз айында Алматы қаласында өткен Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауында өз авторлық жұмысын ұсынды, тәжірибе алмасты. 2017 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан үйірме жұмысын жан-

жақты жеткізіп, II орынды жеңіп алды. Осылайша, үйірме жұмысы Республика деңгейінде үздік авторлық бағдарламалар қатарына кірді.

Оқушыларымыз аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық байқаулар мен конференцияларға қатыса жүріп, өз білімдерін тәжірибе барысында қолданы және жеңімпаз атанды. Бұнымен тоқтамаған үйірме оқушылары білімі мен тәжірбесін арттыру үшін семинарға барды және белсенді жастар қатарынан көрінетін жинақ-кітапқа да шықты (Құлмұқанов М.Е., 25.03.2021).

Үйірме оқушылары теориялық білімдерін тәжірибе барысында қолдану үшін бірнеше жыл (2018, 2019, 2020, 2021 жылдары) археологиялық қазба жұмыстарына да (Қоңырат, Құмсай, Шөптікөл, Қаздыарал, Курайлы, Жағабұлак, Досжан ишан медресесі) қатыса алды. Нәтижесінде кәсіби-шаруа деңгейіне дейін көтеріліп, археология саласына одан әрі жақындай түсті (Сағындықова А., 06.08.2020. Сағындықова А., 31.01.2021).

Тұған өлкесі – Ойылды зерттей отырып көптеген жетістіктерге жеткен болатын. Соның ішінде Ойылдың жаңа тарихы ашылды, алғашқы қорғандық жерлеу болып саналатын қола дәуірлік Құмсай қорымының тың деректері көрсетілді, құмды жерде жасанды қалыптастасқан орман алқабын республика бойынша қалыптастыруға болатындығы жөнінде ғылыми ұсыныстарын ұсынды, Ойыл ауданының тарихи-мәдени мұрасы бай екендігін көрсетіп, ежелгі және орта ғасыр кезеңіне дейін тұрақтаған адамдардың ескерткіші – «Қаздыарал» тұрағын зерттеуге қадамдар жасады. Қой жүнін құмды массивтерде жол төсөніш ретінде қолдануға болатындығын тәжірибе арқылы көрсетті. Барлық зерттеулер арнайы мамандардан кеңес және әдістемелік көмек алу арқылы жүзеге асты.

Аталарымызда «Атадан мал қалғанша, тал қалсын!» деген ұлағатты мұрасының маңызын түсіндіре отырып, оқушыларға тұған жерден, Отаннан асқан ыстық киелі жерлер жоқ екенін сезіндіру арқылы қазақи тәрбиеге негізделген отансүйгіш тұлғаны қалыптастыру міндеттіміз деп білеміз. Сол себепті, үйірме жұмысы - отансүйгіш қасиетке толы, тәрбие және біліммен шындалған оқушылардың білім алар, тәжірибе жинар арны деп айтуда болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Исабаев Д.Б. Медет пен шәкірттері Республикада да жеңімпаз атанды: [Электрондық ресурс]. URL: <http://oiyl.kz/archives/338>. (Берілген күні: 26.04.2018).
2. Қазыбаев А.Қ. Көкжардың бүтінгі керуенінің жас көшбасшылары. Ақтөбе, 2019. – 132 6.
3. Құлмұқанов М.Е. Археологияға құмар жастар көп. [Электрондық ресурс]. URL: <http://oiyl.kz/archives/4088>. (Берілген күні: 26.03.2021).
4. Құлмұқанов М.Е. «Жас археолог» үйірмесінің жетістіктері. [Электрондық ресурс]. URL: <http://kazmuseum.kz/muzej-pedagogikasy/item/2077-zhas-arkheolog-jirmesini-zhetistikteri-foto>. (Берілген күні: 25.03.2021).

5. Құлмұқанов М.Е. Таң дәуірінен тін тартқан Қаздыарал тұрағы. [Электрондық ресурс]. URL: <http://kazmuseum.kz/e-seli-eskertkish/item/1987-tas-dauirinen-tin-tartkan-kazydaral-t-qa-y>. (Берілген күні: 27.08.2020).
6. Мамедов А.М. Шөптікел-І қорымының зерттелуі. [Электрондық ресурс]. URL: <http://kazmuseum.kz/e-seli-eskertkish/item/2050-shoptikol-i-kogumunu-zerttelui>. (Берілген күні: 10.02.2021).
7. Сағындықова А. Ақтөбедегі Қаздыарал тұрағында қола дәуірінің жәдігері табылды. [Электрондық ресурс]. URL: https://www.inform.kz/kz/aktobedegi-kazdyaral-turagynda-kola-dauirinin-zhadigeri-tabyldy_a3680546. (Берілген күні: 06.08.2020).
8. Сағындықова А. Ақтөбеде археологиялық қазба жұмыстары жалғасады. [Электрондық ресурс]. URL: https://www.inform.kz/kz/aktobedegi-kazdyaral-turagynda-kola-dauirinin-zhadigeri-tabyldy_a3680546. (Берілген күні: 31.01.2021).
9. Ұлықпанов С. Археологиялық ескерткіштер – күнды деректер. [Электрондық ресурс]. URL: <http://kazmuseum.kz/e-seli-eskertkish/item/2124-arkheologiyalyk-eskertkishter-k-ndy-derekte>. (Берілген күні: 15.08.2021).



1-сурет. Жас археологтармен қорғанның макетін дайындау бойынша ішкі тәжірибелік сабагы



2-сурет. «Дарын» орталығы ұйымдастырган гылыми-тәжірибелік конференциясынан 2018 жылы жас археологтарымыз I-ши орынды жеңіп алды. Жеңістерінің арқасында Нұр-Сұлтан қаласында өткен семинарга қатысты.



3-сурет. 2019 жылы Павлодар қаласында өткен V Халықаралық гылыми-тәжірибелік конференциясына бес окушымыз қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрінді.



4-сурет. Жас археологымыз Шакенов Саяттың өлкеге қатысты зерттеу жұмысын ұсыну сәті.



5-сурет. Ойыл ауылынан 5 км қашықтықта орналасқан XIX ғасырлық қазақ, татар құлпытастарын зерттеу барысы.



б-сурет. 2021 жылдың қыркүйек айында жас археологтар - Темір ауданының орталығы-Шұбарқұдық селосы маңындағы Досжан хазірет кесенесі аумағында ескі мәдресе орнын анықтау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты.

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА «ЖАС АРХЕОЛОГ» ҮЙІРМЕСІ

М.Е. Құлмұқанов

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің
ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары*

Археология-ерекше ғылым саласы, іздеу, ашу және олжаны табу әсіресе, балаларға қызықты. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша әзірленген «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мемлекеттік бағдарламалардың арқасында Қазақстанда өткен тарихты зерделеу және сақтау мақсатында кең ауқымды археологиялық жұмыстар басталды (Назарбаев Н.Ә., 12.04.2017). Осы ауқымды жұмыстар арқылы өскелен үрпаққа өткен тарихты және археологияны таныстырып, насиҳаттау, патриоттық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталады.

Оқушылардың тұрақты қызығушылық қасиеттерін қалыптастыру мәселесі мектептердің қазіргі заманғы өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Тарихқа және ғылымға деген қызығушылықтарын дамыту, баланы осы ғылыми аппарат түсінігін пайдалануға, өткен әлем тарихын талдауға, бағытын дұрыс ұстауға үйрету – мұғалімдердің міндеті (Күмісбек М., 2021). Түрлі жағдайларға байланысты бұл міндеттің шешімі мектеп сабактарындаған емес, баламен жеке жұмыс барысында факультативтер, үйірмелер, клубтар және басқа да оқушылар бірлестіктерін білім беру мекемелерінде құру және жүзеге асыру барысында шешімін табады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында бүтінгідей аумалы-төкпелі заманда балалардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды екенін ескеrtкен (Тоқаев Қ.К., 2020).

Балалардың шығармашылық әлеуетін көтеруге байланысты мемлекет басшысының ескеrtпелерін ескеrtпелін болсақ, жалпы археология саласына қатысты үйірмелер жұмысы мектеп қабырғасында көп жүргізілмейді. Археологияға қатысты үйірме жұмысы музейлер мен университеттерде жүргізу жақсы жолға қойылған. Аталған мәдениет және жоғарғы білім беру ошактары, көбінесе студенттермен жұмыс жасайды (Аккошкова Ж.Т., 2017). Археология сабакына қатысты оқулықтар да студенттерге бағытталған (Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ., 2009. Талеев Д., 2010). Музейлердің өзінде мектеп оқушыларын қатыстыра отырып, үйірме жұмысын жүргізіп отырғандары саусақпен санаарлық. Республика аумағында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2021), Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі мен «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы археология үйірмесін жоспарлы түрде жүргізсе (Аккошкова Ж.Т., 2017; «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, 2021), Ақтөбе облысының өзінде археология үйірмесі облыстық тарихи-өлкетану музейі (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі. URL:<https://aqtobe-museum.kz/kz/news/obrazovatelnye-programmy/142-zhas-arkheolog>) мен Ш.Берсиеv атындағы Ойыл музейінде қалыптасқан. Білім саласында археология және өлкетануды байланыстырып қарастырылған авторлық жобалар, оқулықтар, әдістемелік әдебиеттер Қазақстан бойынша жоқ деп айтуда болады.

Археология саласына қатысты үйірме жұмыстары көрші Ресей Федерациясында өте жоғары деңгейде қалыптасқан. Ресей мамандары музей, жоғарғы оку орындарынан бөлек археология саласын мектеп қабырғасында үйірме ретінде сабак беруді қолға алған. Арнайы авторлық бағдарламалары бар, бағдарламаны бірнеше жылға жүзеге асатындей, өлкे ескерткіштері мен тарихын қамтитындей жоспар құрған (Якушева Е.В., 2013). Жоспар құру үшін оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттер қоры өте мол (Рязанцев В.И., 2018). Ең бастысы өз өлкесімен байланыстырып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай археология саласын менгертеді (Лукшина Т.А., 2017).

Сол себепті, археология саласын мектеп қабырғасынан менгертуді колға алсақ және осы салаға өлкетану, туризм салаларын қосып қараптырсақ, нәтижелі іс болатыны сөзсіз. Оқытуға керек оқулықтар, әдістемелік материалдар мен авторлық бағдарламаларды дайындалап, археология, туризм және өлкетану саласы бойынша теориялық білімдерін жетілдіре алсақ, онда, практикалық сабак барысында ескерткіштерді табуды, сипаттауды және ғылыми бағытта қорғауды үйретуге үлкен мүмкіндіктердің жолы ашылар еді.

Осыған орай, археология саласына қатысты, мектеп оқушыларына арналған авторлық бағдарламаны ұсынууды жөн көрдік.

«Жас археолог» үйірмесін жүргізу бойынша түсінік хат

«Жас археолог» үйірмесінің қатысушылары аптасына бірнеше сағат мектеп жанындағы үйірмеге қатыса отырып, әлемнің құпиялары мен ежелгі тарихына тәжірибе барысында үңіліп, өткеннің тілсіз куәгерлерін - қыш ыдыстарды, әшекей бұйымдарды, тұрмыстық заттарды, қару-жарақтарды және т.б. жәдігерлерді көре алады. Оқушылар ғалымдармен бірлесіп артефактілерді қалпына келтіру үрдісіне қатыса отырып, олардың пайда болуын зерттей алады. Осылайша аналитикалық ойлау және ғылыми ізденіс дағыларын шығарады. Алынған тәжірибе бойынша мектеп оқушылары конференцияларға, олимпиадаларға қатысып, кейіннен ғылыми мақалалар жазып басылымға шығарады.

Оқушылар археология саласын танып, өлкедегі археологиялық ескерткіштерге қатысты білімдерді меңгеріп, археологиялық қазба жұмыстарына қатысқаннан кейін ғылыми жұмыспен жұмыс жасау үшін бірнеше басым бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

- бірінші, бұл өңірдің тас ғасыры, алғашқы адамдардың қоныстануы, аң аулау және мекендеу орындары. Бұған дәлелді толықтыратын өзендердің бойындағы және т.б. жерлерде көптеп кездесетін тас құралдардың қалдықтары, ежелгі фаунаның табылған орындары;

- екінші, өлкенің қола дәуірі, ежелгі адамдардың металл-қоланы игеру үрдісі, олардың кеништерінің іздері. Металдан құрал-саймандардың жасалуы, жерлеу мәдениетінің дамуы, т.б.;

- үшінші, өлкенің темір дәуірі. Ауданымызда өмір сүрген тайпалардың гүлденуі мен қуаттылығын дәлейдейтін қорғандар мен ескерткіштердің орналасуы, археологиялық артефактілердің тарихи-мәдени әсер етуінен өзгеріске ұшырауы және мәдениеттің дамуы;

- төртінші, орта ғасырлар кезеңі. Өлкеде орта ғасыр кезеңінде өмір сүрген тайпалардың ескерткіштері, мәдениеті мен шаруашылығы.

Осы бағыттардың барлығы ғылым үшін көптеген мәліметтерді бере алады.

«Жар археолог» үйірмесінің бағдарламасы бірнеше жылдарға есептелген, материалды күрделендіру, жылдан жылға спираль бойынша, балалардың жеке қабілеттерін ескере отырып жүргізіледі.

«Жас археолог» үйірмесіне археология саласы бойынша теориялық білімдер мен практикалық дағыларды меңгеруге ниет білдірген 10-17 жас аралығындағы оқушылар қабылданады. Топ 10-20 адамнан тұрады.

Қатысушылар үшін сабак ұзактығы:

1-ші оку жылы – аптасына 2 сағат, айна 8 сағат, жылына 72 сағат;

2-ші оку жылы – аптасына 2 сағат, айна 8 сағат, жылына 72 сағат;

3-ші оку жылы – аптасына 3 сағат, айна 12 сағат, жылына 108 сағат.

Екінші және үшінші оку жылына алдыңғы курсты сәтті аяқтаған (жазғы археологиялық тәжірибеден өткен) оқушылар қабылданады.

Максаттары:

- рухани-адамгершілік әлем қалыптастыру, азаматтық-патриоттыққа тәрбиелеу;

- оқушыларды елміздің өткен тарихын, мәдени құндылықтарын сақтай бітуге және құрметтеуге үйрету.
- Міндеттері:
- жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау;
 - білімді меңгеру үшін толық жағдай жасау;
 - салауатты өмір салтының нормаларын қалыптастыру;
 - психикалық және физикалық деңсаулығын нығайту;
 - жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда еңбек және өмірлік дағыларын қалыптастыру.

Үйірменің жұмыс формасы

Оқу жылдарында бағдарлама аудиториялық және далалық зерттеулер бойынша бөлінеді, оның маңызды бөлігі археологиялық экспедицияға қатысу болып табылады.

Бағдарлама оқушыларға сарапанып, талданған тәсіл арқылы жүзеге асады, көне тарих пен ғылыми білім процесіне қызығушылығы жоғары, саны шектеулі оқушылар ғана тартылады. Дәріс немесе әңгіме түрінде өткізілетін жалпы теориялық біліммен қатар, сабак тақырыбы бойынша жай ғана еркін әңгімелесуден бөлек интеллектуалды және дидактикалық ойындар, викториналар, жарыстар, ұжымдық сөзжүмбақтар міндетті түрде қолданылады. Семинарларда зерттелетін жеке мәселелер бірге талқыланады, тезистер мен баяндамалар тыңдалады.

Теориялық және тәжірибелік сабактар көбінесе, музейде қордағы археологиялық және этнографиялық материалдарды пайдалану арқылы жүргізіледі.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың қажеттіліктері мен интеллектуалдық мүмкіндіктеріне қарай білім берудің бірнеше деңгейлері қарастырылады.

I деңгей 5-6 сынып оқушыларына арналған. Шартты түрде бұл деңгейді ғылыми-көпшілік деп атауға болады.

II деңгей 7-8 сынып оқушыларына арналған. Бұл деңгей археология саласындағы құзыреттіліктерді менгеруді көздейді.

III деңгей 9-11 сынып оқушыларына арналған. Оны шартты түрде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеретін ғылыми білім деңгейі деп атауға болады.

Жұмыс әдістері:

1. Сөздік әдістер: түсіндіру, әңгіме, нұсқау.
2. Көрнекілік әдістер.
3. Практикалық әдістер.
4. Кешенді білім мен тәрбие беру, адамгершілік, физикалық, эстетикалық және бірлікке тәрбиелеу әдісі.

Күтілетін нәтижелер:

- археология, өлкетану және туризм бойынша теориялық білімдерді игеру;
- ғылыми жұмыспен айналысуға дағылану;
- археология саласында кәсіби-шаруа деңгейіне жете білу;

- теориялық және практикалық білімі бар, сөйлеу қабілеті қалыптастан тұлға атану;
- тарих, археология, этнография, өлкетану және туризм саласына қатысты тиісті білімді игеріп жоғарғы оқу орнына түсуге дайын болу.

Бейімделуі мен үйренуі бойынша мониторинг археологиялық еңбек лагері барысында жүргізіледі.

Нәтижесін бақылау

Оқушылардың бағдарламаны менгеруі әртүрлі тәсілдермен үнемі бақыланады: шағын дидактикалық ойындар, викториналар, өтілген тақырыптар бойынша сөзжүмбактарды шешу, тест тапсырмалары.

Тестілеу аралық кезеңде де, окудың әр жылышынан соңында да жүргізіледі. Тест тапсырмалары курс мұғалімінің дайындауымен өтілген тақырыптарға сәйкес жүргізіледі.

Балалардың рефераттар мен баяндамаларды дайындау және қорғаудағы жұмысы бағдарлама міндеттерінің бірі, яғни оқушылардың танымдық және шығармашылық әрекетін дамыту болып табылады. Бұл мәселені шешудің табыстырығы дайындық жұмыстарының сапасы мен терендігіне байланысты, оқушылардың сабак жындарында, аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалар мен тарих және археология бойынша ғылыми-практикалық конференцияларда сөйлеген сөздерінен көрінеді.

Экспедиция барысында археологиялық зерттеулердегі тәжірибелік дағдылар қаралады. Оқушылар бірінші оқу жылы аяқталғаннан кейін жаз мезгілінде қазба жұмыстарымен айналыса алады, өз жұмыстарының сапасын және жаңадан бастағандардың жұмысын екінші және ушінші оқу жылышында оқушылары бақылайды. Үш жылдық оқудан кейін көптеген балалар экспедицияға қатысу барысында жер беті мен табылған жәдігерлерді өлшеу мен тазалауда, ескерткішті қазуда, жаппай табылған заттарды алғашқы өндеу кезінде жеткілікті білікті көмек көрсете алады.

Мазмұндық/Нормативтік бөлім

Бірінші оқу жылышы (5-6 сынып)

Бірінші оқу жылышынан міндеттері:

1. Археологияның негізгі ғылыми ұғымдарымен таныстыру,
2. Археологияның басқа ғылыми пәндермен байланысын көрсету,
3. Археологиялық дереккөздің негізгі белгілері туралы түсінік беру,
4. Алғашқы археология туралы жүйелі білімдерін қалыптастыру;
5. Материалды камералық өндеу дағдыларын қалыптастыру;
6. Далалық зерттеулерді жүргізу дің негізгі әдістерімен таныстыру.

Тақырыптық-күнтізбелік жоспары
Аптасына 2 сағат, айна 8 сағат, барлығы 72 сағат.

p/c	№	Сабак тақырыбы	Сағат саны	Күні	Теориялық	Практикалық	Ескерту
I бөлім. «Археология А және Я-ға дейін»							
Тақырып 1. Кіріспе сабак 2 сағат							
1	1	Балалармен танысу	1		1		
2	2	Балалардың мотивациясы	1		1		
Тақырып 2. Археология ғылым ретінде 1 сағат							
3	3	Археология пәннің маңыздылығы	1		1		
Тақырып 3. Археологиялық ескерткіштер және олардың түрлері. Мәдени қабат және археологиялық мәдениеттер. Археологиялық деректер, археологиялық стратиграфия 4 сағат							
4	1	Археологиялық ескерткіштердің түрлері	1		1		
5	2	Мәдени қабат	1		1		
6	3	Археологиялық стратиграфия	1		1		
7	4	Археологиялық деректер	1		1		
Тақырып 4. Археология және оның ғылым жүйесіндегі орны 2 сағат							
8	1	Гуманитарлық және жаратылыштану ғылымдары жүйесіндегі археология және ғылыми әлемді танудағы оның рөлі	1		1		
9	2	Археология және олардың әмбебандары	1		1		
Тақырып 5. Археологиялық зерттеу әдістері 2 сағат							
10	1	Далалық археология: барлау, қазба жұмыстары	1		1		
11	2	Археологиялық материалдарды камеральдық өндөу	1		1		
Тақырып 6. Археологиялық барлау 5 сағат							
12	1	Археологиялық барлау және оның маңыздылығы	1		1		
13	2	Барлаудың жоспары мен бағыттары	1		1		
14	3	Археологиялық барлауға көрекti жабдықтар	1		1		
15	4	Археологиялық ескерткіштердің табудың негізгі тәсілдері	1			1	

16	5	Табылған археологиялық ескерткіштерге далалық жұмыстардың үйымдастырылуы	1		1		
Тақырып 7. Археологиялық қазба жұмыстардың басталуы 4 сағат							
17	1	Археологиялық қазба жұмыстарын үйымдастыру	1		1		
18	2	Археологиялық қазба жұмыстарға көректі курал жабдықтар	1		1		
19	3	Археологиялық қазба жұмыстарының ережелері	1		1		
20	4	Корымдар түрлері және оларды далалық зерттеудің негізгі принциптері	1		1		
Тақырып 8. Археологиялық жәдігерлердің уақыты 2 сағат							
21	1	Археологиялық жәдігерлерге уақыт қалай қойылады.	1		1		
22	2	Археологиялық реконструкцияны қалай жасайды	1			1	
Тақырып 9. Археологиялық далалық күнделіктіктердің жүргізуі 1 сағат							
23	1	Археологиялық далалық күнделіктік сатылығылыми түрғыда жүргізуі	1		1		
Тақырып 10. Жердің ғылыми-жаратылыштану тарихы және биологиялық эволюциясы 3 сағат							
24	1	Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы	1		1		
25	2	Эволюция түсінігі. Дарвин идеясы	1		1		
26	3	Палеонтология	1		1		
Тақырып 11. Археология ғылымының дамуы 2 сағат							
27	1	Археология ғылымының қалыптасуы	1		1		
28	2	Кенес дәүріндегі археология ғылымы	1		1		
Тақырып 12. Тас дәуірі археологиясы 3 сағат							
29	1	Палеолит мәдениетінің кезеңдері	1		1		
30	2	Адамның шығу тегі, ең көне адамдар	1		1		
31	3	Палеолит ескерткіштері, үнгір турақтары	1		1		

Тақырып 13. Қазақстанның көне тас ғасыры 2 сағат							
32	1	Қазақстан жеріндегі тас ғасыры	1		1		
33	2	Палеолит ескерткіштері мен турақтары	1		1		
Тақырып 14. Мезолит 2 сағат							
34	1	Мезолит кезеңінің ескерткіштеріне мәдениетіне сипаттама	1		1		
35	2	Орта Азия мезолиті	1		1		
Тақырып 15. Неолит 2 сағат							
36	1	Неолит термині, хронологиясы	1		1		
37	2	Неолит дәүірінің ежелгі ескерткіштері	1		1		
Тақырып 16. Орта Азия және Қазақстанның жаңа тас дәуірі 3 сағат							
38	1	Орта Азия көне жер шаруашылығы	1		1		
39	2	Қазақстанның жаңа тас дәуірі ескерткіштері	1		1		
40	3	Қазақстанның Қаратай ескерткіштері	1		1		
Тақырып 17. Қазақстанның қола дәуірі 2 сағат							
41	1	Қола дәуірі кезеңдері	1		1		
42	2	Бегазы –Дәндібай мәдениеті	1		1		
Тақырып 18. Қазақстанның ерте темір дәуірі 3 сағат							
43	1	Қазақстанның ерте темір ескерткіштеріне сипаттама	1		1		
44	2	Шіліктінің ерте темір ескерткіштері	1		1		
45	3	Берелдің ерте темір ескерткіштері	1		1		
Тақырып 19. Скифтер мен сарматтар мәдениеті 3 сағат							
46	1	Скифтер шаруашылығы	1		1		
47,	2	Сарматтар шаруашылығы	2		2		
48							
Тақырып 20. Алтай және Сібірдің ерте темір дәуірі 4 сағат							
49	1	Енесейдегі тагар мәдениеті	1		1		
50	2	Алтай жеріндегі корғандар	1		1		
51,	3	Ғұндар ескерткіштері	2		2		
52							
Тақырып 21. Түрік –қыпшақтардың археологиялық ескерткіштері мен мәдениеттері 3 сағат							
53	1	Алтай түркілерінің ескерткіштері жерлеу әдеб ғұрыптары	1		1		

54	2	Батыс Қазақстан және Сырдария жеріндегі оғыз, қышшак ескерткіштері, қоныстары	1		1		
55	3	Қимақтардың ескерткіштері	1		1		

Тақырып 22. Қазақстанның ортағасырлық археологиясы 4 сағат

56	1	Ұлы жібек жолындағы және ортағасырлық қалалар	1		1		
57	2	Отырардағы қазба жұмыстары	1		1		
58, 59	3	Ортағасырлық Қазақстанның сәулет өнері мен ескерткіштері	2		2		

Тақырып 23. Ақтөбе облысының археологиялық ескерткіштері 2 сағат

60, 61	1	Ақтөбе облысының археологиялық ескерткіштері	2		2		
-----------	---	--	---	--	---	--	--

II бөлім.

Практикалық археология. 7 сағат

Тақырып 1. Модельдеу. Макеттеу. Археологиялық сурет

62, 63, 64	1	Әр түрлі материалдардан (ағаш, саз, пластилин, фольга т.б.) көне заманғы қоныстарды, күрүлістарды, жерлеулерді, тағы басқа табылған жәдігерлерді дайындау	3			3	
------------------	---	---	---	--	--	---	--

Тақырып 2. Өлкенің археологиялық картасы. Археологиялық барлау

65, 66	1	Өлкө бойынша археологиялық карта жасақтау	2			2	
67, 68, 69	2	Археологиялық жәдігерлерді анықтау үшін өзен аңгарының участкесін немесе белгілі бір ауданды маршруттық тексеру	3			3	
70, 71, 72	3	Ескерткіштерге археологиялық барлау үйымдастыру	3			3	

Тақырып 3. Оқушылардың археологиялық экспедицияға қатысуы.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрамында болып археологиялық экспедицияға қатысу

Екінші оку жылы (7-8 сынып)

Тапсырмалар:

- Негізгі зерттеу жұмыстарымен танысу;
- Археологиялық дереккөздермен, әдебиеттермен жұмыс істеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

Жұмыстың келесі формалары мен әдістері қолданылады: әңгімелесу, хабарламалар дайындау және эссе мен баяндамалар жазу.

Оз бетінше дала жұмыстарын жүргізу дағдыларын бекіту мақсатында екінші оку жылының соңында да археологиялық экспедицияға шығу үйімдастырылады.

Тақырыптық-күнтізбелік жоспары

Аптасына 2 сағат, айна 8 сағат, барлығы 72 сағат.

p/c	№	Сабак тақырыбы	Сағат саны	Күні	Теориялық	Практикалық	Ескертү
I бөлім. «Археология». 32 сағат							
1	1	Екінші оку жылындағы курс бойынша қайталау. Далалық қазба жұмыстарының қорытындысы.	1		1		
2	2	Археологиялық кезеңдеу және хронология	1		1		
3	3	Адамның шығу тегі	1		1		
4	4	Тұрғын үй. Үңгірлер, чум (шатыр тәріздес тасымалданатын үй), жартылай жертөле	1		1		
5, 6	5	Археологиялық ескерткіштерге бару	2			2	
7, 8	6	Керамика. Кезешілік (гончарство)	2		2		
9, 10	7	Керамиканы кеңседе өндіреу	2			2	
11, 12	8	Току, ириу, өру	2		1	1	
13	9	Еңбек құралдар. Археологиялық сурет	1		1		
14	10	Жерлеу	1		1		
15	11	Археологиялық ескерткіштерге бару	1			1	
16	12	Өнер	1		1		
17	13	Киім, әшекейлер	1		1		
18	14	Аңшылық қару	1		1		
19	15	Металлургия	1		1		
20, 21	16	От	2		1	1	

22	17	Терімшілік. Егіншілік	1		1		
23	18	Археологиялық зерттеулердің әдістері	1		1		
24	19	Археологиялық ескерткіштерге бару	1			1	
25	20	Тәжірибелік сабак	1			1	
26, 27	21	Жобалық қызмет	2		2		
28	22	Жобаларды қорғау	1			1	жеке
29	23	Баяндамаларды дайындау және ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференцияларға қатысу үшін	1		1		
30	24	Көркем әдебиет пен танымал әдебиеттерді оку және талқылау	1			1	
31	25	Тарихи кеш	1			1	
32	26	Тәжірибелік сабак	1			1	

II бөлім. Археология және өлкетану. 18 сағат

33	1	Тарихи өлкетанудың міндеті мен мақсаты	1		1		
34	2	Есімдер мен фамилиялардың шығу тегі	1		1		
35	3	Отбасының танымал адамдары	1		1		
36	4	Отбасылық шежіресін қалай жасауға болады. Отбасы генеалогиясы.	1		1		
37	5	Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер	1		1		
38	6	Отбасының тарихи оқигаларға қатысусы	1		1		
39	7	Байырғы халықтар. Тұрмысы мен мәдениеті.	1		1		
40	8	«Ойыл» атауының шығу тегі	1		1		
41	9	Аудан мен ауылдардың қалыптасу тарихы	1		1		
42	10	Біздің жерлестеріміз-көрнекті адамдар. Біздің ауылдардың көшелері олардың құрметіне аталған.	1		1		
43	11	Біздің ауылдағы жергілікті өлкетанушылары, тарихшылар мен зерттеушілер	1		1		
44	12	Біздің ауылдардың ескерткіштері	1			1	

45	13	Жергілікті өлкетанушылық объектілері. Мектеп, музей тарихы бойынша материалды жинау	1			1	
46	14	Ауылдың ақсақалдарымен және ұстаздарымен әңгімелесу	1			1	
47	15	Әйгілі адамдар - біздің мектептің түлектері	1			1	
48	16	Біздің мектеп пен музейдің директорлары	1			1	
49	17	Мектеп мақтаныштары - медалистер	1			1	
50	18	Біздің түлектеріміз Отан картасында	1			1	

ІІІ бөлім. Археология және туризм. 15 сағат

51	1	Туризм туралы түсінік және туризмнің даму тарихы	1		1		
52	2	Туризм түрлері	1		1		
53	3	Туристік саяхаттар, жорықтар түсінігі және оның манызы	1		1		
54	4	Шаңғы жорығы	1			1	
55	5	Тарихи объектілерге экскурсия кезінде жол журу ережесі	1		1		
56	6	Туристік жеке және топтық күралдардың маңыздылығы	1		1		
57	7	Туристік гигиена. Медициналық көмек көрсету.	1		1		
58	8	Топографиялық әзірлік. Компостың курылышы	1		1		
59	9	Компос арқылы картамен жұмыс жасау, картадан тұрган жерінді табу. Масштаб арқылы ара кашықтықты анықтау.	1			1	
60	10	Азимутты анықтау. Тұратын жерін бағдарлау.	1			1	
61	11	Арқан байлау тәсілдерін үйрену	1			1	
62	12	Таным - жорық немесе топсеруен ауданын таңдау. Құрал жабдықтардың дайындау	1		1		
63	13	Шатыр куру және жинау	1			1	

64	14	Жорық, саяхатқа дайындық және қауіпсіздік ережесі	1		1		
65	15	Жорық-саяхат	1			1	
IV бөлім.							
Практикалық археология. 7 сағат							
Тақырып 1. Модельдеу. Макеттеу. Археологиялық сурет							
66, 67	1	Әр түрлі материалдардан (ағаш, саз, пластилин, фольга т.б.) көне заманғы қоныстарды, құрылыштарды, жерлеулерді, тағы басқа табылған жәдігерлерді дайындау	2			2	
Тақырып 2. Өлкенің археологиялық картасы. Археологиялық барлау							
68	1	Өлке бойынша археологиялық карта жасақтау	1			1	
69, 70, 71, 72	2	Археологиялық ескерткіштерді анықтау үшін өзен алғарының участесін немесе белгілі бір ауданды маршруттық тексеру	4			4	
Тақырып 3. Оқушылардың археологиялық экспедицияға қатысуы. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрамында болып археологиялық экспедицияға қатысу							

Үшінші оку жылы (9-11 сынып)

Үшінші оку жылының мақсаты – оқушылардың археологияға қызығушылығын терендетеу, өз бетінше ізденіс нәтижелерін бекіту.

Міндеттері: археологиялық дереккөздермен және әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Жобаны дайындау және оны қорғау дағдыларын, сөйлеу шеберліктерін, археология, өлкетану және туризм бойынша алған білімдерін тәжірибе барысында, құнделікті өмірде қолдана білуін бекіту.

Дала жұмыстарында алған дағдыларын бекіту мақсатында үшінші оку жылының соңында археологиялық экспедицияға шығу ұйымдастырылады және 10-11 класс оқушылары ата-ананың рұқсатымен, өздігінше жаздай ұйымдастырылатын археологиялық қазба жұмыстарына толықтай қатыса алады.

Тақырыптық-күнтізбелік жоспары
Алтасына 3 сағат, айна 12 сағат, барлығы 108 сағат.

p/c	№	Сабак тақырыбы	Сағат саны	Күні	Теориялық	Практикалық	Ескерту
I бөлім. «Археология». 43 сағат.							
1	1	Археологияның ретінде	1		1		
2, 3	2	Аудандық музей залына экскурсия	2			2	
4	3	Қазақстан археологиясы	1		1		
5	4	Тас дәуірі	1		1		
6, 7	5,6	Көне адамдардың отты тұтандыру, току тәсілі	2			2	
8, 9	6	Қазақстанның палеолит дәуірі	2		2		
10, 11	7	Қазақстанның мезолит дәуірі	2		2		
12, 13	8	Қазақстанның неолит дәуірі	2		2		
14, 15	9	Тасты шағы және тас еңбек құралдарын жасау техникасы бойынша презентациялық сабак	2		2		
16, 17, 18	10	Тас еңбек және аң аулау құралын жасау бойынша тәжірибе өткізу	3			3	
19, 20	11	Қазақстанның энеолит дәуірі	2		2		
21, 22, 23	12	Еңбек құралдар және алғашқы үйлерді жасау бойынша тәжірибе өткізу	3			3	
24, 25	13	Қазақстанның қола дәуірі	2		2		
26, 27, 28	14	Қыш құмыра жасау және құрастыру	3			3	
29, 30	15	Қазақстанның ерте темір дәуірі	2		2		
31, 32	16	Ерте темір дәуіріндегі материалдары бойынша тәжірибелік жұмыс өткізу	2			2	
33	17	Қазақстанның ерте және ортагасыр кезеңі	1		1		
34, 35, 36	18	Ортагасырлық тасқа сурет салу тәсілінен тәжірибе өткізу	3			3	
37	19	Ерте және кейінгі ортагасырлық ескерткіштер	1		1		
38, 39	20	Археологияның ескерткіштерге барлау жүргізу	2		2		

40, 41	21	Дүниенің төрт құбыласын анықтау, компаспен жұмыс және табылған ескерткіштерді сипаттау және планға түсіру	2			2	
42	22	Археологиялық қазба жұмыстары	1		1		
43	23	Макетте қазба жұмыстарын жүргізу	1			1	

II бөлім. Археология және өлкетану. 25 сағат.

44	1	Тарихи өлкетандың міндеті мен мақсаты	1		1		
45, 46	2	Қазақстанның археологиялық деректері және оларды өлкетану жұмысында пайдалану	2		2		
47, 48	3	Қазақстан тарихы бойынша этнографиялық деректер	2		2		
49, 50	4	Сәулеткерлік және өнер ескерткіштері тұған өлкенің дерек көздері	2		2		
51, 52	5	Ауданымыздың тарихы – географиялық орналасуы	2		2		
53, 54	6	Ауданымыздың тарихына байланысты археологиялық зерттеулер	2		2		
55, 56	7	Ауданымыздың тарихына байланысты топонимикалық материалдарды жинау	2		2		
57, 58	8	Өлкені зерттеудегі этнологияның маңызы	2		2		
59, 60	9	Ауданымыздың байырғы және қазіргі халқы. Тұрмысы мен мәдениеті	2			2	
61	10	Ауданымыздың қалыптасу тарихы	1		1		
62	11	«Ойыл» атауының шығу тегі	1			1	
63, 64	12	Тұған өлкенің ауызша деректері	2			2	
65, 66	13	Ауданымыздың зерттеушілері	2		2		
67, 68	14	Ауданымыздың ескерткіштері	2			2	

III бөлім. Археология және туризм. 31 сағат.

69, 70	1	Туризм туралы түсінік және туризмнің даму тарихы	2		2		
71, 72, 73	2	Туризм түрлері	3		3		
74, 75	3	Туристік саяхаттар, жорықтар түсінігі және оның маңызы	2		2		
76, 77	4	Жорық, саяхатқа дайындық және қауіпсіздік ережесі	2		2		

78, 79	5	Тарихи объектілерге экскурсия кезінде жол жүру ережесі	2		2		
80	6	Туристік жеке және топтық құралдардың маңыздылығы	1		1		
81, 82, 83	7	Туристік гигиена. Медициналық көмек көрсету.	3		3		
84, 85	8	Топографиялық әзірлік. Компостың құрлысы	2		2		
86, 87	9	Компос арқылы картамен жұмыс жасау, картадан түрган жерінді табу. Масштаб арқылы ара қашықтықты анықтау.	2			2	
88, 89	10	Азимутты анықтау. Тұратын жерін бағдарлау.	2			2	
90	11	Жорық кезінде туристік картамен бағдарлау	1			1	
91, 92	12	Шатыр құру және жинау	2			2	
93, 94, 95	13	Шаңғы туризм	3			1	
96, 97, 98, 99	14	Жорық-саяхат	4			4	

IV бөлім.

Практикалық археология. 9 сағат.

Тақырып 1. Модельдеу. Макеттеу. Археологиялық сурет

100, 101, 102,	1	Әр түрлі материалдардан (ағаш, саз, пластилин, фольга т.б.) көне заманы қоныстарды, құрылыштарды, жерлеулерді, тағы басқа табылған жәдігерлерді дайындау	3			3	
----------------------	---	--	---	--	--	---	--

Тақырып 2. Өлкениң археологиялық картасы. Археологиялық барлау

103, 104	1	Өлкө бойынша археологиялық карта жасақтау	2			2	
105, 106, 107, 108	2	Археологиялық ескерткіштерді анықтау үшін өзен аңгарының участкесін немесе белгілі бір ауданды маршруттық тексеру	4			4	

Тақырып 3. Оқушылардың археологиялық экспедицияға қатысуы.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрамында болып археологиялық
экспедицияға қатысу

Әдебиеттер тізімі

1. Аккошкова Ж.Т. Ұлттық музейдегі «Жас археолог» үйірмесі: [Электрондық ресурс]. URL: <https://ult.kz/post/ulattyk-muzeydegi-zhas-arkheolog-uuiirmesi>. (Берілген күні: 23.02.2017).
2. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі. «Жас археолог»: [Электрондық ресурс]. URL: <https://aqtobe-museum.kz/kz/news/obrazovatelnye-programmy/142-zhas-arkheolog>. (Берілген күні: көрсетілмеген).
3. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. «Археолог» үйірмесінің 2021-2022 оқу жылына жоспары: [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.kaznu.kz/kz/21512/page/>. (Берілген күні: 09.2021).
4. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.К. Қазақстан археологиясы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. –Алматы: 2009. – 570 б.
5. Күмісбек М. Ауылда бала көп, үйірме аз: [Электрондық ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/279142-auylda-bala-kor-uyigme-az>. (Берілген күні: 22.06.2021).
6. Лукшина Т.А. Рабочая программа кружка «Юный археолог»: [Электрондық ресурс]. URL: <https://nsportal.ru/shkola/istoriya/library/2017/12/19/programma-po-vneurochnomu-kursu-arheologiya-dlya-5-klassa>. (Берілген күні: 19.12.2017).
7. Назарбаев Н.Ә. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы: [Электрондық ресурс]. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memlekет-basshysynyn-bolashakka-bagdar-tuhani-zhangyru-atty-makalasy. (Берілген күні: 12.04.2017).
8. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры: [Электрондық ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-dgeti-qutu>. (Берілген күні: 21.11.2018).
9. Рязанцев В.И. Рабочая программа школьного археологического кружка: [Электрондық ресурс]. URL: <https://multiurok.ru/index.php/files/rabochaia-proghramma-shkol-nogho-arkhieologichichies.html>. (Берілген күні: 04.03.2018).
10. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы: [Электрондық ресурс]. URL: <https://saraishyq.kz/kk/janalyktar/242-zhas-arkheolog-jimesi-zh-mysy-zhal-asuda>. (Берілген күні: 01.02.2021).
11. Талеев Д. Археология. Окулық. Астана, 2010.
12. Тоқаев Қ.К. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы: [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020>. (Берілген күні: 01.09.2020).
13. Якушева Е.В. Авторская программа «Юный археолог»: [Электрондық ресурс]. URL: <https://videouroki.net/razrabotki/avtorskaya-programma-yunuu-arkheolog.html>. (Берілген күні: 23.09.2013).